



Тексерілді: _____
ТІЖО:
«31» тамыз 2024ж

**Мәдени жалпы білім беретін мектебінің
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша
2024-2025 оқу жылына арналған
сынып сағаттарының
ЖОСПАРЫ**

Сыныбы: 1

Сынып жетекшісі: Омарова Азиза

Барлық сағаты: 33сағ

Аптасына өткізілетін сағат саны: 1 сағ

Жоспарды құрғанда негізге алынды:

- Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы». Астана, 2023 жыл
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 Бұйрығы
- БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды (2023 жылғы 25 сәуірдегі № 3 хаттама) «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023.

Жоспарды дайындаған: _____ сынып жетекшісі

Омарова Азиза

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ»

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны: Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Бастауыш мектеп түлегі:

- мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;
- мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;
- дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;
- отбасының құндылығын түсіну;
- тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;
- қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

Құндылық: бірлік және ынтымақ

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Бастауыш мектеп түлегі:

- командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;
- өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;
- басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;
- бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;
- тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

Құндылық: әділдік және жауапкершілік

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Бастауыш мектеп түлегі:

- шындықты айту;
- достыққа адал болу;
- жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;
- өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;
- заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

Құндылық: заң және тәртіп

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Бастауыш мектеп түлегі:

- өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық
- ережелерін сақтау;
- қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;
- педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген
- немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;
- кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының
- құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Бастауыш мектеп түлегі:

- мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;
- өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;
- отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;
- нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол жеткізуге ұмтылу;
- өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық

Құзыреттілік: шығармашылық

Бастауыш мектеп түлегі:

- қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде
- қорытынды жасай алу;
- жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде
- қолдана алу;
- инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа
- да технологиялық дағдыларды меңгеру;
- жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;
- өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну.

Әр айдың іс-шаралары :

күнделікті

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.
- «**Апта дәйексөздері**» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
- «**Қауіпсіздік сабағы**» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.
- «**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы**» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- «**Өнегелі 15 минут**» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- «**Үнемді тұтыну**» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу.
- «**Күй күмбірі**» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау апта сайын.

ҚЫРКҮЙЕК – «ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК» АЙЫ

1 қыркүйек – «Білім күні»

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

Қыркүйек айының екінші жексенбісі – Отбасы күні

Қыркүйек айының екінші жексенбісі- Аналар күні

Қыркүйек айының соңғы жексенбісі – Еңбек күні

№	Іс – шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Жүзеге асырушы жауапты мамандар	Күні
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ, БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ, ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК,ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП , ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК, ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҒАШЫЛДЫҚ.				
	1 қыркүйек – Білім күні: «Мектебім – мейірім мекенім»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Омарова Азиза	01.09.2024
1	Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 30 жыл (1995) «Менің құқығым мен міндеттерім»	Танымдық сабақ	Сынып жетекші Омарова Азиза	02.09.2024
2	"Тілім бар да қазағым бар, халқым бар"	Сынып сағаты, сұрақ-жауап, талдау	Сынып жетекші Омарова Азиза	09.09.2024
3	«Отбасы – бақыт аясы» ЖЖЕ № 1 «Көше күтпеген оқиғаларға толы»	Тәжірибелік сабақ	Сынып жетекші Омарова Азиза	16.09.2024
4	«Еңбек елдің мұраты» Қауіпсіздік сабағы № 1 «Төтенше қызмет нөмірлері»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Омарова Азиза	23.09.2024
5	Ұлттық ойын – ұлт қазынасы «Асық ойнау білесің бе?»	Танымдық, тәжірибелік сабақ	Сынып жетекші Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі	30.09.2024

ҚАЗАН – «ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ» АЙЫ

1 қазан- Халықаралық қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

24 қазан – Кітапханашылар күні

25 қазан – Республика күні

6	«Ұстаз – мектептің жүрегі» ЖЖЕ №2 Жаяу жүргінші өтпелері.	Кездесу сағаты	Сынып жетекші Омарова Азиза	07.10.2024
7	«Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» Қауіпсіздік сабағы № 2 «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Омарова Азиза	14.10.2024

8	25 қазан Республика күні. «Менің Отаным Қазақстан!»	Сайыс сабақ	Сынып жетекші Омарова Азиза	21.10.2024
ҚАРАША – «ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК» АЙЫ 15 қараша – Ұлттық валюта –теңге күні 16 қараша- Халықаралық толеранттылық күні				
9	«Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы»	Сынып сағаты		04.11.2024
10	«Үнемділік – ұқыптылық»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Омарова Азиза	11.11.2024
11	«Ұлттық теңге – тәуелсіз Қазақстанның айшығы»	Бейнеролик	Сынып жетекші Омарова Азиза	18.11.2024
12	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Мамандықтар әлемі» Қауіпсіздік сабағы № 3 «Есік қағылды. Қауіпті қалай тануға болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Омарова Азиза	25.11.2024
ЖЕЛТОҚСАН – «БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ» АЙЫ 5 желтоқсан – Дүниежүзілік еріктілер күні 16 желтоқсан ҚР Тәуелсіздік күні				
13	Рухани адамгершілік тәрбие негізі. Буллингке жол жоқ!	Танымдық сабақ	Сынып жетекші Омарова Азиза	02.12.2024
14	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» ЖЖЕ №3 Реттелетін жол қиылыстары. Бағдаршам.	Сыныптан тыс іс шара	Сынып жетекші Омарова Азиза	09.12.2024
15	«Тәуелсіздік тұғырым»	Бейнежазбалар шеруі	Сынып жетекші Омарова Азиза	16.12.2024
16	ДосболLIKE акциясы «Достық қолын ұсын» Қауіпсіздік сабағы № 4 «Ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану ережелері».	Достық акциясы	Сынып жетекші Омарова Азизаі	23.12.2024
ҚАҢТАР – «ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП» АЙЫ				
17	«Мінез – адам көрсеткіші» Құқық бұзушылықтың алдын алу. Қауіпсіздік сабағы № 5 «Егер бейтаныс адам көшеде көмек сұраса не істеу керек?»	Сыныптан тыс іс шара	Сынып жетекші Омарова Азиза	13.01.2025

18	Үнемді тұтыну: «Қалдықтарды табысқа айналдырайық»	Бейнероликтер шеруі	Сынып жетекші Омарова Азиза	20.01.2025
19	«Балалар кітапханасы» жобасы «Шын жүректен кітап сыйла»	Челлендж	Сынып жетекші Омарова Азиза	27.01.2025

АҚПАН – «ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ» АЙЫ

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні

Ақпан айының бірінші сейсенбісі – дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні.

20	«Еңбек түбі береке» Қауіпсіздік сабағы № 6 «Дүкенге алғашқы рет жалғыз бару»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Омарова Азиза	03.02.2025
21	«Экология және біз»	Топсеруен	Сынып жетекші Омарова Азиза	10.02.2025
22	«Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілігіміз»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Омарова Азиза	17.02.2025
23	«Өнертапқышқа алғашқы қадам» Қауіпсіздік сабағы № 7 «Біріктіруге болмайтын өнімдердің комбинациясы»	Бейнеролик	Сынып жетекші Омарова Азиза	24.02.2025

НАУРЫЗ – «ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ» АЙЫ

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21,22,23 наурыз- Наурыз мерекесі

30 наурыз – Дүниежүзілік жер күні

24	«Ізгіліктің бір ісі – алғыс айту» ЖЖЕ №4 Автобуспен немесе троллейбуспен сапарға шығу.	Сынып сағаты	Сынып жетекші Омарова Азиза	03.03.2025
25	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталады» Қауіпсіздік сабағы № 8 «Ата-аналармен құпия сөз»	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші Омарова Азиза	10.03.2025
26	«Наурыз –жыл басы»	Сыныптан тыс іс шара	Сынып жетекші Омарова Азиза	17.03.2025

СӘУІР– «ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК» АЙЫ

2 сәуір –Халықаралық балалар кітабы күні

7 сәуір- Дүниежүзілік денсаулық күні

12 сәуір – Ғылым күні 15 сәуір- Халықаралық мәдениет күні 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні 23 сәуір – Ұлттық кітап күні				
27	«Әр бала зорлық зомбылықсыз өмір сүру керек» ЖЖЕ №5 Қай жерде ойнауға болады және қай жерде ойнауға болмайды.	Сынып сағаты	Сынып жетекші Омарова Азиза	07.04.2025
28	«Мамандықтың бәрі жақсы..»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Омарова Азиза	14.04.2025
29	«Қауіпсіз ғаламтор» Қауіпсіздік сабағы № 9 «Жасанды интеллект мүмкіндіктері. Ата- аналардың дауыстарымен қоңырау шалу».	Сынып сағаты	Сынып жетекші Омарова Азиза	21.04.2025
30	«Кітап білім қазынасы»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Омарова Азиза	28.04.2025
МАМЫР– «БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚ» АЙЫ 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні 9 мамыр- Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 18 мамыр-Халықаралық мұражайлар күні 31 мамыр – Саяси қуғын –сүргін құрбандарын еске алу күні				
31	Біздің тілегіміз достық. ЖЖЕ №6 Қорытынды сабақ.	Сынып сағаты	Сынып жетекші Омарова Азиза	05.05.2025
32	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Омарова Азиза	12.05.2025
33	«Қауіпсіз жаз -2025» Қауіпсіздік сабағы № 10 «Су қоймаларындағы қауіптер»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Омарова Азиза	19.05.2025

«Апта дәйексөздері»

Оқу тоқсаны	Апта реті	Апта күндері	Апта дәйексөздері
I тоқсан	ҚЫРКҮЙЕК		
	I апта	02.09 - 06.09.2024 жыл	«Білім қымбат қазына, қанағат тұтпа азына» (Мұзафар Әлімбаев)
	II апта	09.09 - 13.09.2024 жыл	«Жанұям қорғаным, ата-анам тірегім»
	III апта	16.09 - 20.09.2024 жыл	«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға» (Абай Құнанбайұлы)
	IV апта	23.09 - 27.09.2024 жыл	Еңбек етсең ерінбей Тояды қарның тіленбей
	ҚАЗАН		
	I апта	30.09 – 04.10.2024 жыл	«Ел жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан атың!»
	II апта	07.10 – 11.10.2024 жыл	«Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас»
	III апта	14.10 – 18.10.2024 жыл	«Отан отбасынан басталады»
	IV апта	21.10 – 25.10.2024 жыл	«Отаным алтын бесігім!»
II тоқсан	ҚАРАША		
	I апта	04.11 – 08.11.2024 жыл	«Әділдік пен жауапкершілік біртұтас ұғым!»
	II апта	11.11 – 15.11.2024 жыл	«Тура биде туған жоқ!»
	III апта	18.11 -22.11. 2024 жыл	«Жауапкершілік –адамгершілік көрінісі»
	IV апта	25.11 – 29.11.2024 жыл	«Әділетте берік болсаң, аяғың таймайды»
	ЖЕЛТОҚСАН		
	I апта	02.12 – 06.12.2024 жыл	«Бірлігі күшті ел озады»
	II апта	09.12 – 13.12.2024 жыл	«Ынтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді»
	III апта	16.12 – 20.12.2024 жыл	«Бірлік болмай, тірлік болмас»
	IV апта	23.12 –27.12.2024 жыл	«Ынтымақ – бұзылмайтын қорған»
III тоқсан	ҚАҢТАР		
	I апта	13.01 – 17.01.2025 жыл	«Талап бар жерде, тәртіп бар»
	II апта	20.01 – 24.01.2025 жыл	«Тәртіп –тәрбие бастауы»
	III апта	27.01 – 31.01.2025 жыл	«Әділет жолы – адал жол»
	АҚПАН		
	I апта	03.02 – 07.02.2025 жыл	«Жасампаздық – бәрімізге өнеге»
	II апта	03.02 – 07.02.2025 жыл	«Талаптыға нұр жауар»
	III апта	03.02 – 07.02.2025 жыл	«Өнерлі бала өрге жүзер»
	IV апта	03.02 – 07.02.2025 жыл	«Жаңашылдық –заман талабы»
	НАУРЫЗ		

	I апта	03.03 – 07.03.2025 жыл	«Патриотизм- ата-ананды құрметтей білуің..» (Бауыржан Момышұлы)
	II апта	10.03 – 14.03.2025 жыл	«Тәуелсіздік тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»
	III апта	17.03 – 21.03.2025 жыл	«Ар –намыс қана тәйелсіздікке тірек бола алады»
ІҮ тоқсан	СӘУІР		
	I апта	01.04 – 04.04.2025 жыл	«Патриотизмі жоқ халық, жаны жоқ тәнмен тең»
	II апта	07.04 – 11.04.2025 жыл	«Еңбек- қуаныш-жалқаулық, айырылмас азап» (Абай Құнанбайұлы)
	III апта	14.04 – 18.04.2025 жыл	«Көп еңбек еткенге, бақыт басын иеді» (Леонардо да Винчи)
	IV апта	21.04 – 25.04.2025 жыл	«Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар»
	V апта	28.04 – 02.05.2025 жыл	«Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер»
	МАМЫР		
	I апта	05.05 – 09.05.2025 жыл	«Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ»
	II апта	12.05 – 16.05.2025 жыл	«Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ»
	III апта	19.05 – 23.05.2025 жыл	«Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек»

Мәдени жалпы білім беретін мектеп

Бастауыш сынып мұғалімі Омарова Азизаның
2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмысының
жылдық есебі

Сынып: 1

Мәдени жалпы білім беретін мектебі

Сыныбы: 1

Сынып жетекшісі: Омарова Азиза

Оқушы саны: 26 қыз бала:13 ұл бала:13

2024-2025 оқу жылының басында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша сынып сағаттарының жоспары бекітілді. Апталық жүктемесі 33 сағат. Оқушыларды адал, еңбексүйгіш, патриот, сауатты және жан-жақты ізденімпаз етіп тәрбиелеу мақсатында құрылған сынып сағаттары жоспар бойынша жүргізіліп отырды. Атап айтқанда: 1 қыркүйек – Білім күні «Мектебім-мейірім мекені», 1 қазан – қарттар күні «Қарты бардың-қазынасы бар», «Жолда жүру ережесін сақтаймыз» тақырыбына ашық-тәрбие сағаты өткізіліп, балалар белсенді қатысып, білгенін ортаға салып, білмегенін үйренді. Оқушылар алғаш мектеп табалдырығын аттауына байланысты мектептің ішкі ережелерімен таныстырылды. Тазалыққа, тәртіпке баулу жұмыстары, мектептегі және жолдағы қауіпсіздік шаралары туралы түсініктеме жұмыстары үнемі жүргізіліп отырылды. Тоқсан соңында ата-аналар жиналысы жасалып, балалардың тәртібі, оқу үлгерімі туралы айтылды. Күзгі каникул кезіндегі қауіпсіздік шаралары таныстырылды. Осылайша I тоқсан қорытындысы бойынша атқарылған тәрбие жұмыстары «жақсы» деп бағаланды.

